



## Түсініктеме

«Баланың қабілеттілігі мен дарындылығы – оның саусақтарының ұшында. Бейнелеп айтқанда, шығармашылық ой бұлағын нәрлендіріп тұрған жеңішке жіптер – жылғалыр саусақтарынан басталады. Басқа сөзбен айтқанда, баланың қолында шеберлігі көп болса, сол баланың ақылы көп болады» –

В.А.Сухомлинский.

Мектепке дейінгі жас – бұл балалардың нәтижелі іс – әрекеттің сензитивтік кезеңі: сурет салу, мүсіндеу, аппликация және құрастыру. Оларда балақай қоршаған ортаға деген өзінің көзқарасын білдіре алады, шығармашылық қабілетін, ауызекі сөйлеу және логикалық ойлауын дамытады.

Балалардың бейнелеу шығармашылығы – жарқын, тамаша бейнелер әлемі. Ол үлкендерді өзінің бала тікелігімен, өзіндігімен, қиял бүліктерімен жиі таң тамаша қалдырады. Мектепке дейінгі балалар көп және үлкен ықыласпен сурет салады. Нәтижелі іс – әрекетте балаларда бейнелеу өнеріне тұрақты қызығушылығы қалыптасады, қабілеттерін дамытады.

Мектепке дейінгі балаларға бейнелеу өнері қызықты және құмарлана істейтін оқу қызметінің бірі болып табылады, кішкентай адамның бұл ең қол жетімді әрекеттің түрі. Бала әлі оқу да, ән айта да алмайды, бірақ парақта сызбайлауларды қызығып салады. Осындай сабақтарда балаға бағыт бере отырып, қолдау көрсетіп көп нәрсеге қол жеткізуге болады. Сурет салу процессінде бақылаушылық, эстетикалық қабылдау, көркем талғамын, шығармашылық қабілеттері жетіледі. Негізгі ойды жай білдіруге болады: балалар сурет салғанда денесін, жанын және ақыл ойын дамытады.

Жұмыстың мақсаты: дәстүрлі емес сурет салу құралдалымен балалардың көркем – шығармашылық қабілеттерін дамыту. Негізгі міндеттері:

Дәстүрлі емес сурет салу тәсілдер тұралы түсініктерін кеңейту. Қоршаған шындыққа эстетикалық қарым – қатынасты қалыптастыру. Әлемді көру және суретшілердің көзімен әлемге қарау, Сұлулықты жасау қабілеттерін дамыту. Эстетикалық талғамын қалыптастыру. Шығармашылықты және қиялын, елестеуін, бақылаушылықты, ассоциативті ойлау қабілетін және құмарлығын дамыту. Балаға әлемді өзінің көзқарасымен, қол жетімді көркемдік құралдарымен көрсетуге еркіндік беру.

Дәстүрлі емес техникалар – бұл қиялға, шығармашылыққа, дербестік танытуға, талаптануға, даралығын білдірегеі дамуына серпін. Дәстүрлі

емес техникаларын пайдаланып сурет салуы мектепке дейінгі балаларды шаршатпайды, оларда жұмысты орындауға бөлінген уақыт ұзағына жоғары белсендік және жұмыс қабілеттілігі сақталады.

| <b>№</b> | <b>Тақырыбы</b>           | <b>Бағдарлама мазмұны</b>   | <b>Көрнекі -құралдар</b>  | <b>Сағат саны</b> |
|----------|---------------------------|---|---|-------------------|
| 1        | «Күз»                     | Саусақтармен сурет салу техникасымен таныстыру. Жапырақтардың суретін салуға және күзгі жапырақтардың түстерін өздігінен анықтауды үйрету, табиғатты күтіп, аялауға тәрбиелеу.  | Әр балаға А5 ақ бетке жапсырылған немесе бейнеленген жапырағы жоқ ағаштың бейнесі, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.                           | 1                 |
| 2        | «Шыбынжұт»                | Қауіпті саңырауқұлақ – шыбынжұтпен таныстыру, саусақтармен сурет салу үйретуді жалғастыру. Эстетикалық мәнерін дамыту. Табиғатты күтіп, аялауға үйрету.   | әр балаға А5 ақ бетке бейнеленген саңырауқұлақтың аяғының бейнесі, саңырауқұлақтың қалпағы – трафарет, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.       | 1                 |
| 3        | «Көйлекті безендіреміз»   | Саусақтармен көйлекті безендіруді, гүлдердің суретін салуды үйрету. Түсті таңдау дағдыларын қалыптастыру. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.  | әр балаға А5 ақ бетке боянбаған көйлектің бейнесі, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.   | 1                 |
| 4        | «Балықтар суда жүзіп жүр» | . Балалардың бейнеге қызығушылығын арттыру, әр түрлі тәсілмен көрсетуге талаптану; трафарет бойынша жобасын сызуға, мақта оранған таяқшалар арқылы бояумен сурет салуды үйрету; түрлі түсті үйлесімі контрасты жолмен жобаның мәнерлігіне қол | әр балаға А5 ақ бет, трафареттер, мақта оранған таяқшалар, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, жәй қарындаштар, әр түрлі балықтар бейнеленген суреттер. | 1                 |

|   |  |  |  |   |
|---|--|--|--|---|
|   |  | жеткізу; балықтар тұралы балалардың түсініктерін кеңейту; балықтардың тіршілігіне қызығушылықтарын арттыру.  |  |   |
| 5 | «Отбасыма арналған сыйлықтар. Галстук және орамал» | Өз ойын жүзеге асыруға үйрету, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, сүйікті адамдарға сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.   | әр балаға қағаздан қиылған галстук пен орамал, қол сұртетін орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз. | 1 |
| 6 | «Шөп арасындағы бақбақтар»                         | Табиғат құбылыстардың эстетикалық қабылдауын және бейнелеу техникасын – саусақтармен сурет салу жетілдіру. Бақбакты пейзажда бейнелеп жасауында әртүрлі материалдар пайдаланып композиция сезімін және реңк сезімін дамыту.  | әр балаға қиылған сабағымен жапырақтар, А5 ақ бет, желім, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.   | 1 |
| 7 | «Кірпіге арналған алмалар»                         | Тығын басу техникасымен таныстыру, алманың суретін кірпінің үстіне контраст түсі арқылы салуға үйрету, композиция сезімін дамыту.  | әр балаға кірпінің суреті, шырынның тығыны, қылқалам, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.               | 1 |
| 8 | «Жаңбыр»   | Балаларды ырғақты композиция жасауды үйрету. Сурет салудың әр-түрлі техникасымен таныстыруды жалғастыру(саусақпен сурет салу). Үрлеу техникасымен таныстыру. Жаңбырдың мінезін жеткізе отырып, суретін салуға үйрету (ұсақ тамшылар, қатты жауын). Балалардың табиғатты тани білу, және бейнелеу өнерінде өз әсерін көрсетуге тәрбиелеу. | әр балаға А5 ақ бет, шырынға арналған түтікше орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.               | 1 |
| 9 | «Жеміс тостағаны»                                  | Балалардың түске қасиетін маңызды зат ретінде қалыптастыру, оларды өздігінен түс таңдауына жеткізу. Стандартты емес  | әр балаға А5 ақ бетке жеміске арналған тостағанның жапсырылған   | 1 |

|    |                             |  |   |   |
|----|-----------------------------|--|---|---|
|    |                             | техникалық әдісіне – баспаны пайдаланып бейнелеуге үйрету.   | бейнесі, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз, жемістер (жартысы) бастырма ретінде.  |   |
| 10 | «Қамыр үстіндегі суреттер»  | «Қамырдағы баспа» техникасымен таныстыру. Қамырда сурет салуға қызығушылықты арттыру. Шығармашылық көзқарасқа тәрбиелеу.   | қамыр, орамал, су, суға арналған ыдыс, эскиз.   | 1 |
| 11 | «Әдемі тәрелкі»             | Саусақты батыру әдісімен сурет салуды үйретуді жалғастыру. Көк және қызыл түсі туралы білімін бекіту.  | әр балаға ақ картоннан жасалынған тәрелкі, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.   | 1 |
| 12 | «Аққалалар»                 | Баспамен сурет салу таныстыруды жалғастыру. Балаларға мереке алдындағы қуанышты көңіл – күйін көтеру, ұнамды эмоцияларды жасау. Бейнелік ойлау және ой қиялын дамытуды жалғастыру.                           | орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз, әр түрлі көлемі 3 дөңгелек.  | 1 |
| 13 | «Шырша»                     | Балаларды «түрту» техникасымен сурет салуға үйрету. Түстерді қабылдау, өз композициясы үшін тиісті түс үлесімін таңдауға дамыту. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, іс – әрекетіне қызығушылықпен қарауға тәрбиелеу. | әр балаға А4 ақ бет, акварель немесе гуашь бояуы, орамал, су, суға арналған ыдыс, жаңа жылдық шыршаның суреттері, эскиз, П.И. Чайковскийдің «Жыл мезгілдері» аудио жазбасы. | 1 |
| 14 | «Алақанның сиқырлы айналуы» | «Алақанмен сурет салу» техникасымен таныстыру. Белгілі бейнеге келтіруге үйрету. Шығармашылық қабілетін және қиялын дамыту.  | Жай қарындаш, фломастерлер, түрлі түсті қарындаштар, ақ парақтар, кілемше, жай әуеннің аудиожазбасы.  | 1 |

|    |                    |   |  |   |
|----|--------------------|---|--|---|
| 15 | «Ақ қоян отыр»     | Оның өзіне тән ерекшеліктерін жеткізіп, бояу дағдыларын қалыптастыру. Балауызды пайдаланып сурет салуды үйрету. Өз бетімен ниет танытуды және шығармашылық қасиетіне тәрбиелеу.   | әр балаға шырақ және палитра, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, қылқалам, қояндар (раскраска), эскиз.            | 1 |
| 16 | «Бұтақтағы шымшық» | Мақта оранған таяқшалармен сурет салуды үйрету. Құсқа тәң ерекшеліктерін жеткізуді қалыптастыру, дөңгелек нысанды суретке салуды үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.   | А5 ақ бет, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, мақта оранған таяқшалар, қоңір жолақшалар – бұтақтар, желім, эскиз. | 1 |
| 17 | «Қар жауып тұр»    | Мақта оранған таяқшалармен сурет салуды үйретуді жалғастыру. Түсіп жатқан қарды байқауды үйрету, мақта оранған таяқшамен елестету, шығармашылық қиялды дамыту, бейне қабылдауды дамыту. Сұлулыққа сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. | әр балаға көк түсті картон, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.   | 1 |
| 18 | «Қар бүршігі»      | Суретте қыс бейнесін жеткізуді қалыптастыру. «Үрлеу» техникасымен сурет салуды үйрету. Қысқы табиғаттың әдемілігін көруге тәрбиелеу.  | әр балаға А5 ақ бет, шырынның тығыны, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, қылқалам, эскиз.                         | 1 |
| 19 | «Көгершіндер»      | Алақанның ізін параққа қалдыру арқылы дәстүрлі емес әдіспен сурет салуды үйрету. Соңына дейін салынбаған бөлшектерді аяқтауға тәрбиелеу.  | әр балаға А4 ақ бет, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, палитра, қылқалам, эскиз, сюжеттік .                      | 1 |
| 20 | «Шетен»            | Дәстүрлі емес сурет салу техникасы: түрлі көркем техникаларды үйлестіре отырып (саусақпен сурет салу, құстар бейнесін   | әр балаға шетен ағаштың бұтағының бейнесі салынған А5 парақ, қызыл гуашь, орамал, клеенкалар,                        | 1 |

|    |                         |   |   |   |
|----|-------------------------|---|---|---|
|    |                         | жапсыру) арқылы құстар мен өсімдіктерге эстетикалық – адамгершілік қарым – қатынасқа тәрбиелеу. Балаларды уайымдауға, көмек көрсетуге, ниет білдіруге, ықылас білдіруге тәрбиелеу. Сурет салу және жапсыру дағдыларын (ұқыпты жұмыс жасау, қылқаламды дұрыс ұстау, жапсыруға арналған клеенкаларда жұмыс жасау) бекітуге жалғастыру.  | қылқалам, су, суға арналған ыдыс, қылған құстардың бейнесі, фланелеграфқа арналған шетен ағашының суреттері.  |   |
| 21 | «Қыс» тұзбен сурет салу | Баларды тұзбен қыс пейзажін суретке салуға уйрету. Танымдық белсенділікті және эстетикалық қабілетті арттыру. Бейнелеу өнеріне ерекше тәсілмен қызығушылыққа тәрбиелеу.   | түрлі – түсті картон парақтары, желім, қылқалам, орамалдар, тұз, ойыншық қасықтар, су құйылған мөлдір саптыаяқ, сиқырлы сандық, трафареттер, Лунтик қуыршағы.   | 1 |
| 22 | «Аяз өрнектері»         | Балалардың аязды өрнектерді суретке салу іскерліктерін дамыту. Гуашь + балауыз техникасын меңгеруге көмектесу. Бақылаушылыққа, көргенін шығармашылықта көрсетуге дамыту. Қиялын, бейнелі ойлау, түстерді қабылдау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Туған табиғаттың сұлулығына сүйіспеншілікпен қарауға, жұмысты орындау кезінде ұқыптылық пен жігерлікке тәрбиелеу. | балалардың дайын жұмыстарына арналған ватманнан жасалынған үй (терезе), жұмбақтары бар конверт, аяз өрнектері бейнеленген иллюстрациялар, П.И.Чайковскийдің «Қантар» «Ақпан» аудио таспасы, терезеге ұқсаған ақ парақтар, балауыздар, гуашь, қылқаламдар, суға арналған ыдыс. | 1 |
| 23 | «Аққу»                  | Бейнені алақан арқылы салу мүмкіндігін көрсету. "Принт" (бастырма) техникамен таныстыруды жалғастыру.   | аққу бейнеленген сурет, көк түсті парақтар, қаймақ консистенциясына   | 1 |

|    |                           |   |   |   |
|----|---------------------------|---|---|---|
|    |                           | Қабылдау қабілетін дамыту. Табиғатқа деген қызығушылығын көрсетуге, өз ұсыныстары мен әсерлерін бейнелеу өнері сабағында көрсетуге тәрбиелеу.   | сумен араластырылған гуашь розеткалары, орамалдар, қылқаламдар.   |   |
| 24 | «Қонжық»                  | Балаларға объект бейнесін тәң құрылымын, оның ең айқын пайдасын (мөлшері, үлпілдегін) жеткізуге мүмкіндік беретін жаңа тәсілін – көбік жөкемен сурет салу игеруді көмектесу. Балаларды суретке балалаық кезінен таныс ойыншықтың бейнесінің бөліктерінің пішінін, олардың салыстырмалы шамасын, орналасуын, түсін бейнелеп салу іскерліктерін бекіту. Балалардың шығармашылық қиялдарын дамыту, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау. | ойыншықтар: қуыршақ, доп, барабан, күшік, аю, матрешка, ауа шары, ақ парақ, гуашь бояуының жинағы, қылқалам, суға арналған ыдыс, су, орамал, жай қарындаш, екі көбік жөкенің үзімі. | 1 |
| 25 | «Күн»                     | Алақанмен, саусақтармен сурет салу үйретуді жалғастыру, қол моторикасын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балаларға ұйқыдан оянып тұрған күннің көркем бейнесін түсінуге көмектесу, сөздік қорын жандандыру.   | жарма салынған тәрелке, түрлі түсті гуашь, ватманға салынған күннің бейнесі, жылы су құйылған шылапшын.   | 1 |
| 26 | «Анама сыйлық. Раушангүл» | Ұсынған үлгі бойынша парақ бетінде бастырма басу үйретуді жалғастырып бейнеленген объектінің негізгі белгілерін жеткізу, тікесызықтарды бейнелеу үйретуді жалғастыру, түс гаммасын ойлап табу үйретуді жалғастыру. Шығармашылық қиялын, ұқыптылықты, сенімділікті,  | әр балаға А5 ақ бет, пластикалық қақпақтар, қылқалам, орамал, гуашь, су, суға арналған ыдыс, эскиз, суреттер.   | 1 |

|    |                                  |  |   |   |
|----|----------------------------------|--|---|---|
|    |                                  | дербестікті, бастамашылдықты, қиялын дамыту.   |   |   |
| 27 | «Бәйшешек»                       | Балаларды алақанмен, саусақтармен сурет салуды үйретуді жалғастыру. Алақанды және саусақтарды пайдаланып, гүлдің бейнесін, оның құрылысын және пішінін жеткізіп көрсетуге үйрету. Тіке сызықтарды жүргізуге үйретуді жалғастыру. Түстер туралы білімдерін бекіту( сары, жасыл). Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қол моторикасын дамыту. Табиғатты аялауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.              | әр балаға А4 ақ бет, жасыл және сары бояу, бәйшешек гүлдің суреттері, орамал. Алдын алу жұмыс: Серуенде шөптерді, гүлдерді қарастыру, гүлдердің суреттерін қарастыру. | 1 |
| 28 | «Көктем»                         | Бастырмамен сурет салу техникасы(картоп, поролон), қатты қылқаламмен түрту тәсілі, қылқаламды параққа жәй батыру тәсілі, мақта оранған таяқшамен сурет салу арқылы балалардың шеберлігін және дағдыларын жетілдіру. Ырғақты, композиция сезімін, қиялын дамыту. Табиғатқа эстетикалық көзқарасқа гүлдер бейнесі арқылы тәрбиелеу, жұмысын орындағанда эстетикалық мәнеріне және ұқыптылыққа тәрбиелеу. | картофель, поролон, тәрелкіге құйылған түрлі түсті гушь, қағаздан жасалынған жол, күн, аудиотаспалар.   | 1 |
| 29 | «Ғарыш»                          | Балаларды жаңа тәсілмен (шашыранды) таныстыру. Ғалам туралы түсінік беру. Жерді аялауға тәрбиелеу.   | әр балаға А5 ақ бет, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.   | 1 |
| 30 | «Торғайлар көк суда шашырап жүр» | Балаларды дымқыл, қатты қылқаламмен «түрту» тәсілмен сурет салуды дағдыландыру, торғайлардың үрпек қауырсандарын парак бетіне  | құстардың дауыстары, «Қыс кетті» әннің минусы, Владимир Камаринцевтің «шалшықта»  | 1 |

|    |                                   |  |   |   |
|----|-----------------------------------|--|---|---|
|    |                                   | <p>електеуге үйрету.</p> <p>Шығармашылық қиялын дамыту. Балалардың назарын, танымдық белсенділігін, бейнелі және логикалық ойлауын дамытуға жәрдемдесу.</p> <p>Қоршаған әлемді танып білуге қызығушылығына тәрбиелеу.</p>  | <p>иллюстрациясы, ватман парағы, қоңыр түсті гуашь, қоңір және қара түсті фломастерлер, үйеңкі қанаттары, желім, желімге арналған қылқаламдар, орамалдар.</p> |   |
| 31 | «Бұтақтағы бүршіктер»             | <p>Балаларды дәстүрлі емес сурет салу техникаларды пайдалану іскерліктерін жетілдіру. Балалардың дербестігін, эстетикалық қабылдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Дәстүрлі емес бейнелеуге қызығушылығына және табиғатқа қызығушылықпен қарауға тәрбиелеу.</p>  | <p>әр балаға А5 ақ бет, дымқал орамал, қоңыр және сары түсті гуашь, гуашқа арналған тәрелкілер, клеенкалар.</p>   | 1 |
| 32 | «Көктем пейзажі»                  | <p>Көктемгі белгілері тұралы балалардың білімдерін жүелеу. Табиғаттың өзара байланысын орнатуға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Байланыстырып, диалогтік сөлеуді дамыту, сөздік қорын дамыту. Балаларды әр тұллі мезгіліне байланысты ағаштарды бейнелеуге үйретуді жалғастыру. Орындаған жұмысымен сүйсінуге, эстетикалық сезімге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> | <p>әр балаға А5 ақ бет, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.</p>  | 1 |
| 33 | «Терезенің алдында отырған мысық» | <p>Ұнтақ жармамен сурет салу іскерліктерін қалыптастыру; суретті бүкіл беттің бетіне салу, желіммен желімдеуге.</p> <p>Балалардың шығармашылық қабілеттерін, қиялын және қоршаған орта қабыдауын дамыту. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Үй</p>   | <p>фланелегреф, мысық бейнеленген суреттер, ақ түсті картон, желім ПВА, ұнтақ жармаға арналған ыдыс, гуашь, қылқаламдар, орамалдар.</p>                       | 1 |

|         |                    |   |   |          |
|---------|--------------------|---|---|----------|
|         |                    | жануарларына мейірімді және нәзік қарым – қатынасқа тәрбиелеу. Жұмыс орындау кезінде ұқыптылықпен, тырысып жасауға тәрбиелеу.   |   |          |
| 34      | «Көктемдегі аспан» | Балаларды аспанды «Сулы» түс созылу тәсілімен сурет салуға үйрету. ағаштарды бейнелеу техникасын бекіту. Шығармашылық қиялын дамыту. Қоршаған табиғаттың сұлулығын байқауға тәрбиелеу.  | әр балаға А4 ақ бет, акварель немесе гуашь бояуы, су, суға арналған ыдыс, аспан бейнеленген суреттер, педпгогикалық эскиздер, көбік жөке.                                     | 1        |
| 35      | Жаздың сыйлықтары» | Өткен шақ туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Жидектерді бояумен саусақтар көмегімен бояуға үйрету. Көркемдік мәнеріне тәрбиелеу   | . әр балаға А5 ақ бетке боянбаған, бұтағы және жапырағы жоқ шиенің бейнесі, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.  | 1        |
| 36      | «Жазғы шалғын»     | Балаларды маусымдық өзгерістерді атауға, байқауға және өзара қарым – қатынасын орнатуға үйрету, балалардың жаз тұралы білімдерін жүелендіру, жаз мезгілінде өсетін гүлдер тұралы түсініктерін нақтылау, табиғат аясында жүріс – тұрыс ережелерімен таныстыру, балаларда табиғатқа деген қызығушылық сезімін тудыру, оның сұлулығын көре білу іскерлігін қалыптастыру, «түрту» техникасымен сурет салуды таныстыруды жалғастыру. | поролон, А4, су, суға арналған ыдыс, сюжеттік суреттер, жұмбақтарға суреттер, ұсақ суреттер салынған ыдыстар (балалар оларды жапсырады: жәндіктер, гүлдер), желім, орамалдар. | 1        |
| Барлығы |                    |   |   | 36 сағат |

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Күз»

**Мақсаты:** Саусақтармен сурет салу техникасымен таныстыру. Жапырақтардың суретін салуға және күзгі жапырақтардың түстерін өздігінен анықтауды үйрету, табиғатты күтіп, аялауға тәрбиелеу.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:** әр балаға А5 ақ бетке жапсырылған немесе бейнеленген жапырағы жоқ ағаштың бейнесі, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.

**Билингвальді компонент:** Күз – осень, ағаш-дерево, жапырақ-листья.

**Сөздік жұмыс:** Алтын күз

Қонаққа кірпі келеді. Кірпі балаларға күзде табиғаттың қандай өзгерістер, ерекшеліктері туралы айту үшін келеді.

Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды.

- Күзде ағаштар қандай өзгеріске түседі?
- Күзде ағаштар неге ұқсайды?
- Жануарлар мен құстар күзде қалай тіршілік етеді?

**Кірпі жұмбақ жасырады:**

Бұлттар төніп, жерге төгіліп,

Дымқыл тұман басады.

Шөп сарғайып, өңі тайып,

Дала нұры қашады.

Ойнай алмай,

Денең мұздап тоңады

(күз)

Ешкім де жемейді,

Тәтті екен демейді.

Сарғайып піседі,

Үзіліп түседі

(жапырақ)

Ал олай болса, бәріміз кірпіге күз бейнесін салып, көрсетейік.

**Үлгісін көрсету.**

Жұмыс жолдарын көрсету, түсіндіру:

Қағаз бетінде ағаш бұтақтарымен бейнеленген, бірақ жапырақтары жоқ.

1. Қандай түстерді таңдаймыз, көрсету.
2. Саусақты суға сосын бояуға батырамыз.
3. Бұтақтарда әртүрлі түспен саусақ ізін бірнеше рет қалдырамыз.
4. Ағаш айналасына да жапырақ суретін саламыз, себебі күз мезгілінде жапырақтар ағаштан жерге түседі.
5. Әр түстен кейін саусағымызды суға жуып, орамалмен сүртеміз.

**Сергіту сәті:**

Қозғалысын, сөздерімен үйлестіру

Алтын, сары, қызыл, көк,

Алуан – алуан, жапырақ

(қолдарын жан – жаққа созады, аяқ ұшымен айналу)

Күзгі бақта күлімдеп  
Көз тартады атырап  
(отыру)

Ой, алақай, тамаша  
Шашу шашты жапырақ!  
(тұрады, айналады)

Көрме ұйымдастыру.

Кірпімен қоштасу.

Жұмыс орнын қадай жинау керек екенін түсіндіру.

## **Күні**

**Тақырыбы:** «Шыбынжұт»

**Мақсаты:** Қауіпті саңырауқұлақ – шыбынжұтпен таныстыру, саусақтармен сурет салу үйретуді жалғастыру. Эстетикалық мәнерін дамыту. Табиғатты күтіп, аялауға үйрету.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:** әр балаға А5 ақ бетке бейнеленген саңырауқұлақтың аяғының бейнесі, саңырауқұлақтың қалпағы – трафарет, Поингвальді **КОМПОНЕНТ:** Лес – орман-forest, саңырауқұлақ-грибы- mushrooms.

**Сөздік жұмыс:** Шыбынжұт

**Билингвальді компонент:** саңырауқұлақ-гриб, өсімдік-растение.

Қонаққа Дімбелмес қуыршақ келеді, балаларға жұмбақ жасырады:

Сырты бүтін,

Іші түтін.

/Саңырауқұлақ/.

Аяғынан қаз тұрған,

Қалпағы бар антұрған бұл не? (саңырауқұлақ)

Дұрыс, саңырауқұлақ.

– Балалар, Дімбелмес орманға саңырауқұлақ теруге барғысы келеді, бірақ ол қандай саңырауқұлақты теруге болады, ал қайсын қолға алуға да болмайды екенін білмейді. Біздер Дімбелмеске қандай саңырауқұлақты қолға да алуға болмайды екенін көрсетейік! Шыбынжұт бейнеленген суреттерін көрсету.

Шыбынжұт өте әдемі, бірақ өте улы саңырауқұлақ. Шыбынжұттың аяғының түсі ақ, ақ үлпілдек белдешесімен. Қалпағы – ашық қызыл түсті, үстінде ақ дақтары – қабыршақтары бар. Егер сен орманда шыбынжұтты көрсең, жұлма, тапалама оны! Орманда шыбынжұтпен әр

түрлі құстар және аңдар емделеді, олардың бірі – бұғы.

**Саусақ гимнастикасы:**

Орманда кірпі келеді,

Саңырауқұлақ тереді.

Кездесті, міне, керегі,

Екеуі қайың астынан,

Біреуі терек астынан,

Қанша болды есепте,

Сал тоқылған себетке.

Бояумен сурет салу әдісін түсіндіру:

1. Трафаретті пайдаланып саңырауқұлақтың қалпағын салу.

2. Саусақтармен қызыл дақтарды салу.

3. Қылқаламмен шөп салу.

саңырауқұлақтардың қандай түрлерін білесіз? (жеуге жарамды және жарамсыз)

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Көйлекті безендіреміз»

**Мақсаты:** Саусақтармен көйлекті безендіруді, гүлдердің суретін салуды үйрету. Түсті таңдау дағдыларын қалыптастыру.

Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

**Материалдар мен**

**құрал-жабдықтар:** әр балаға А5 ақ бетке боянбаған көйлектің бейнесі, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.

**Билингвальді компонент:** платье – көйлек-  
dress, әдемі-красивый-beautiful

**Сөздік жұмыс:** безендіру.

Қонаққа жылап тұрған қуыршақ Катя келеді.

– Балалар мен көйлегімді дұрыс жуған жоқпын, сондықтан ол әдемі емес болып қалды. Не істерімді білмеймін.

Кіржушылардың еңбегі туралы әңгімелеу. Қуыршақ Катяға қандай көмек бере аламыз?

Қуыршақтың көйлегін өрнектермен безендіруге келіседі.

**Сергіту сәті:**

Тоңса біздің қолымыз,

Қолғапты киіп аламыз.

Сарт - сарт – сарт,

Шапалақты соғамыз.

Тоңса біздің аяғымыз,

Етікті киіп аламыз.

Топ – топ – топ,

Топылдатып билейміз

**Көйлектің үлгісін көрсету.**

**Безендіру әдісін көрсету.**

Ашық түстерді таңдаймыз.

Ашық түске саусағымызды батырамыз, көйлектің ортасына нүкте қоямыз. Саусағымызды жуамыз, басқа түске батырып жаңа қойған нүктені айналып бес нүкте саламыз. Осындай гүлдерді бүкіл көйлектің үстіне саламыз.

Әдемі көйлектерден көрме ұйымдастыру. Қуыршақ балаларды мадақтап, көмектескендеріне алғыс айтады.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Балықтар суда жүзіп жүр»

**Мақсаты:** Балалардың бейнеге қызығушылығын арттыру, әр түрлі тәсілмен көрсетуге талаптану; трафарет бойынша жобасын сызуға, мақта оранған таяқшалар арқылы бояумен сурет салуды үйрету; түрлі түсті үйлесімі контрасты жолмен жобаның мәнерлігіне қол жеткізу; балықтар тұралы балалардың түсініктерін кеңейту; балықтардың тіршілігіне қызығушылықтарын арттыру.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:** әр балаға А5 ақ бет, трафареттер, мақта оранған таяқшалар, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, жәй қарындаштар, әр түрлі балықтар бейнеленген суреттер.

**Билингвальді компонент:** рыба – балық- fish, мұхит-море-sea

**Сөздік жұмыс:** аквариум, мұхит

Қанаты бар ұшпайды,

Жұрт айламен, ұстайды. (Балық)

**Әңгімелеу.**

– Қандай балықтарды сіздер білесіз?

**Ойын: «Балықтар қандай болады?»** – сын есімдерді іріктеу, тіршілік ортасына байланысты балықтар түрлерін анықтау (теңіз, тұщы, аквариумдық).

– Балықтың қандай түрлерін білесіз?

– Балықтар құстардан, жануарлардан қандай айырмашылығы бар? (суда өмір сүреді, қабыршағы бар, құйрығы, желбізек арқылы демалады).

**Тақпақ оқу:**

1 бала: «Балық»

Түп-тұнық мөлдір суда,

Балық жүзіп жүр екен.

Біресе керіледі, біресе жиырылады,

Біресе құмға тығылады.

2 бал «Алабұға»

... Жолаң – жолаң сауыры,

Балықтың бұл тәуірі.

Екі көзі сап – сары,

Ауыра ма бауыры.

Алабұға үйірі

Сияқты бір иірім.

Қоңыр – жасыл жотасы,

Жасыл – сары бүйірі...

3 бала «Жайын»

... Білем десең, біліп көр.

Қармағыңа іліп көр.

Жайын үшін сөз бе екен.

Бақа, шаян, сүліктер.

Толағайы толағай,

Және мешкей, қомағай.

Түсе қалса қармаққа,

Әрең тартар он ағай.

4 бала «Сазан»

... Айқайлама, ұрыспа,

Тіпті аңырын тыныста,

Сазан нағыз сақ балық.

Жоламайды дыбысқа.

Кейбір балықтардың аттарын нақтылау, балалардың назарларын

балықтың денесінің пішініне, түсіне, қанаттардың және құйрығының пішініне аудару.

### **Қимылды ойын: «Түбінде»**

Ұлулар еңбектеп келе жатыр,

Арқаларында үйлерін алып келе жатыр,

Мүйіздерін қозғайды,

Балықтарға қарайды.

Балықтар жүзеді

Қанаттарымен жүзеді.

Оңға, солға, бұрылу,

Содан кейін керісінше: оңға, бұрылу.

### **Нәтижелі іс – әрекет.**

#### **Мақта оранған таяқшалармен сурет салу ережелері:**

1. Біріншіден нүктелермен суреттің жобасын толықтыру.
2. Содан кейін бүкіл суретті нүктелермен толықтыру.
3. Жаңа бояуды жаңа таяқшамен алу.

### **Қимылды ойын: «Балықшылар мен балықтар»**

Ойыншылар арасынан бір жетекші алынып балықшы болып сайланады, ал қалған ойыншылар балық болады. Белгі берілісімен балықшы балықтарды ұстау керк болса, ал балықтар керісінше ұстатпай қашу керек. Ойын барысында ұсталған ойыншылар балықшыға қосылып қол ұстасып тор құрады. Осылайша соңғы ойыншы қалғанша барлығы тізбектесіп тор құрып балықшыға айналады. Соңынан қалған ойыншы жетекші болып ойынды қайта бастайды.

Көрме ұйымдастыру.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Отбасыма арналған сыйлықтар.

**Мақсаты:** Өз ойын жүзеге асыруға үйрету, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, сүйікті адамдарға сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.

### **Материалдар мен**

**құрал-жабдықтар:** әр балаға қағаздан қиылған галстук пен орамал, қол сүртетін орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.

**Билингвальді компонент:** семья – отбасы- family, үй-дом-house

Тақпақ оқу:

Атамнан басталар,

Әжемнен қосталар

Отбасым мынылар:

Ең жақын адамдар-

Әкем мен анам бар,

Бір туған ағам бар,

Бір туған апам бар...

Бәрін жақсы көремін,

Еркелеймін, еремін

«Отбасы» сурет бойынша әңгімелеу

Бұл адамдар кім екен, қалай ойлайсыз? Осы адамдарды қандай бір сөзбен атауға болады? Неге сіз солай ойлайсыз? Осы отбасыда кімдер тұрады? Назерке сен кіммен тұрасың? Арсен сен анаңа кім боласың? (әжеңе, атаңа, әкеңе)

Егер бір отбасында балалар, ата – анасы, әже мен атасы бірге тұрса, оны үлкен отбасы деп айтады. Ал сендер қалай ойлайсыз?

Кім үлкен отбасында тұрады? Кімде інілері, қарындастары бар? Олар сендерден үлкен бе әлі кіші ма? Отбасыңда кіммен ойнауды ұнатасың? Неге? Үйлеріңізде басқа немен айналасасыз?

Әр қайсы балаға өз отбасы туралы әңгімелеп беруге ұсынады.

Балаларға жақын адамдарын қуанту үшін – ата мен әкеге галстук, анасы мен әжесіне орамал салып беруге ұсынады.

**Жолдарын көрсету:**

Саусақтармен сыйлықтарды безендіру.

Көрме ұйымдастыру.

**Ойын: «Мейірімді сөзбен айт»**

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту. Отбасы мүшелерін мейірімді сөздермен атауға үйрету.

Қыз – қызым

Ұл – ұлым

Әке – әкешім, әкетай

Ата – аташым

Әже – әжетай, ақ әжем т.б

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Шөп арасындағы бақбақтар»

**Мақсаты:** Табиғат құбылыстардың эстетикалық қабылдауын және бейнелеу техникасын – саусақтармен сурет салу жетілдіру. Бақбакты пейзажда бейнелеп жасауында әртүрлі материалдар пайдаланып композиция сезімін және реңк сезімін дамыту.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:** әр балаға қиылған сабағымен жапырақтар, А5 ақ бет, желім, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.

**Билингвальді компонент:**

одуванчик – бақбақ-dandelion, шөп-трава-grass, гүл-цветы-flower.

**Сөздік жұмыс:** бақбақ

Өзіне шап шақ,

Киген қалпағы аппақ,

Балалар тұр қаптап. (Бақбақ)

Үлбіреген бақ-бақ,

Үлпілдеген аппақ.

Уф!- десем бақбақ,

Ұшасың ғой қаптап

Бақбақ гүлін еске салуға ұсынады. Бақбақ гүл шоғын қарастыру, гүлдердің, жапырақтардың пішініне назар аударылады. Гүлдің аты – «үру» деген сөзден басталады, себебі гүл тек гүлдеп болғасын, ақ тұқымы желмен ұшып кетеді.

**Ойын: «Бақбақ қалай өседі?»**

Балаларға бақбақты қағаздан жасау әлі суретке салуды қалайсызба?

Тақпақ оқып беру:

Бақбақ киеді

Сап – сары көйлегін,

Өсіп – өсіп киеді

Аппақ көйлекті.

Жеп – жеңіл. Үлпілдек.

Желге тілалғыш. (Е.Седова)

**Сергіту сәті:**

Шаршағанда ырғалып

Гүлге ұқсап дем алам.

Қанатымды бір қағып

Гүлдей болып құлпырам

**Жұмыс жолдарын көрсету:**

1. Сары бояуға саусақты батыру.

2. Арасы 3 – 4 см 3 дөңгелек салу.

Дайын бөлшектерді алып сабағымен жапырақтарын жапсыру.

Тақпақ жаттау:

Үлбіреген бақ-бақ,

Үлпілдеген аппақ,  
Уф!- десем бақбақ,  
Ұшасың ғой қаптап

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Кірпіге арналған алмалар»

**Мақсаты:** Тығын басу техникасымен таныстыру, алманың суретін кірпінің үстіне контрастті түсі арқылы салуға үйрету, композиция сезімін дамыту.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:**

әр балаға кірпінің суреті, шырынның тығыны, қылқалам, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.

**Билингвальді**

**компонент:** ежик – кірпі-hedgehog, яблоко – алма-apple.

**Сөздік жұмыс:**кірпік шешен

Балалар, біздерге қонаққа не келген екен?

Жұмбақ жасыру:

Санай алмай шаршадым –

Найзасы бар қанша мың.

Батыр емес бірақ та,

Қашып жүрер жыраққа. (Кірпі)

Кірпі балалармен амандасады. Қараңдаршы кірпі өзімен не алып

келді? Кірпі балаларымен алмаларды өте жақсы көреді, бірақ ол

барлық балаларына алма жинап үлгере алмады, себебі көкжал

қасқыдан қорқып кетті. Кірпінің балаларына қараңдаршы. Біздер не

істейміз?

Балалар, әр кірпіге біздер алманың суретін салып берейік. Алмалар

қандай болады екенін қараңыздар. Алмаларды біз бастырмамен

саламыз. Сендердің үстелдеріңізде гуаштар тұр, алманы қай түспен

саламыз?

Алманы «бастырма» әдісімен салуды көрсету.

**Жұмыс жолдарын көрсету:**

1. Қақпақты аламыз, қылқаламмен бояймыз.

2. Кірпінің тікендеріне қойып, басу.

Саусақпен алманың жапырағын салу.

Біздерге қонаққа не келді? Ол қандай жағдайға тап болды? Біздер

оған қалай көмектестік? Қандай алмаларды сретке салдық?

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Жаңбыр»

**Мақсаты:** Балаларды ырғақты композиция жасауды үйрету. Сурет салудың әр-түрлі техникасымен таныстыруды жалғастыру (саусақпен сурет салу). Үрлеу техникасымен таныстыру. Жаңбырдың мінезін жеткізе отырып, суретін салуға үйрету (ұсақ тамшылар, қатты жауын). Балалардың табиғатты тани білу, және бенелеу өнерінде өз әсерін көрсетуге тәрбиелеу.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:** әр балаға А5 ақ бет, шырынға арналған түтікше орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.

**Билингвальді компонент:** жаңбыр – дождь- rain, бұлт-облако- cloud, көк-синий- with

**Сөздік жұмыс:** Тамшылар

Балаларға өлең оқып беру:

Жаңғырсын

Баулар бір,

Жау, жаңбыр,

Жау, жаңбыр!

Төгілсін

Таудан нұр,

Жау, жаңбыр,

Жау, жаңбыр!

Салсын құс

Сайран бір

Жау, жаңбыр,

Жау, жаңбыр!

Самғасын

Таңда жыр,

Қауласын

Бауда гүл,

Жау, жаңбыр,

Жау, жаңбыр

– Балалар біздер жерге жаңбырдың тамшылары жауып тұрған бұлттарын суретін салайық.

**Иллюстрацияларды көрсету. Балалардың назарын бұлттың және жаңбырдың түсіне аудару.**

– Бұлттың түсі қандай? (көк)

– Жаңбырдың түсі қандай? (көк)

– Дұрыс. Жаңбыр мен бұлттың түсі көк. Жаңбыр мен бұлттың түсін дауыстап қайталау. Жаңбыр мен бұлтты суретке қалай салуға керек екенін көруге ұсынады. Өзінің әрекетін түсіндіріп көрсетеді.

### **Сергіту сәті: «Жаңбыр»**

Бір тамшы,

(қол белде, аяқ ұшымен секіру. 1 рет)

Екі тамшы. (секіру 1 рет)

Әуелі өте баяу.

(4 рет секіру)

Ал сосын, сосын, сосын

(8 рет секіру)

Жүгіреміз бәріміз.

Қолшатырды ашамыз,

(қолды жан – жаққа созу)

Жаңбырдан біз тығыламыз!

(қолдарымен шанырақ жасау)

### **Жұмыс жолдарын көрсету:**

**1.** Палитрада көк бояуды сумен араластыру.

**2.** Жұту тәсілімен түтікшеге теріп алу.

**3.** Қағазға әкеліп, жоғарғы жартысына үріп шығару.

Саусақты бояуға батырып тамшылардың суретін салу.

Көрме ұйымдастыру. Балаларды әдемі шыққан суреттерге қарауға шақыру.

– Біз ненің суретін салдық?

– Қандай түс пайдаландық?

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Жеміс тостағаны»

**Мақсаты:** Балалардың түске қасиетін маңызды зат ретінде қалыптастыру, оларды өздігінен түс таңдауына жеткізу. Стандартты емес техникалық әдісіне бастырманы пайдаланып бейнелеуге үйрету.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:** әр балаға А5 ақ бетке жеміске арналған тостағанның жапсырылған бейнесі, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз, жемістер (жартысы) бастырма ретінде.

**Билингвальді компонент:** алма – яблоко, алмұрт – груша.

**Сөздік жұмыс:**Тостаған

Жемістер туралы әңгімелеу; муляждарды қарастыру, жемістерден дәм тату.

Мен өрікпін, өрікпін,

Бақшамызға көрікпін.

Қара деген атым,

Менен де дәм татыңдар.

Дәрі орнына жүретін,

Кейде менің қақым бар.

Нарттай қызыл алмамын.

Мәз болады алғандар,

Жазда әдемі киінем,

Тілді балдай үйірем.

Жиналып қаппыз бәріміз,

Қайсымыз ең дәмдіміз.

Ішімізден адамға

Тиеді көп пайдамыз.

Барлығыңда дәмдісіңдер,

Шырқап айтар әнімсіңдер.

Көз тоймайтын кереметке,

Дастарханның сәнісіңдер!

Жемісі бар тостағанның суретін қарастырады.

Сұрақ жауап:

– Жемістердің пішіні қандай?

– Түстері қандай?Тостағандағы жемістерді бастырма арқылы суретке салуға ұсынады.

Сурет салу жолдарын көрсету.

Сергіту сәті:

Алма баққа барайық

Алма теріп алайық

Ең үлкенін дәмдісін

Анамызға сыйлайық

Бастырманы дұрыс ұстауын қайталау.

Жұмысқа кірісуге ұсынады.

Жеке жұмыс. Психогимнастика:

Бақшашының жұмысын електеу:

шұңқыр қазу, жеміс ағаштарын егу, ағаштарды ақтау, бұталарын қию т.б.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Қамыр үстіндегі суреттер»

**Мақсаты:** «Қамырдағы баспа» техникасымен таныстыру. Қамырда сурет салуға қызығушылықты арттыру. Шығармашылық көзқарасқа тәрбиелеу.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:** қамыр, орамал, су, суға арналған ыдыс, эскиз.

**Билингвальді компонент:** тесто – қамыр.

**Сөздік жұмыс:** Қамыр

Қонаққа әже келеді, оқтау және қамыр алып келеді. Қонақтарға тағам дайындап беруге көмек сұрайды. Балалар таныйды, атайды, еске салады.

Балалар қамырды илейді, жай ғана созады.

жұмыс жасау техникасына мұқият қарайды.

Қамырды қарастыру.

Тәрбиеші балаларға қамырды жаюға ұсынады.

Саусақ ойыны: «Бауырсақтар»

**Жұмыс жасау жолдарын көрсету.**

(тәрбиеші бірінші алақанмен, саусақпен содан кейін әртүрлі заттармен із қалдырады)

Өздігінен жұмыс жасауға ұсынады.

Жеке көмек көрсету, алдымен алақанның кейін әр түрлі заттардың (кескіштер, қақпақтармен, пластикалық шанышқы) ізін қалдырады.

Балаларды жұмыстарын жасаған үшін мадақтау.

«Әжеге арналған би».

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Әдемі тәрелкі»

**Мақсаты:** Саусақты батыру әдісімен сурет салуды үйретуді жалғастыру. Көк және қызыл түсі туралы білімін бекіту.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:** әр балаға ақ картоннан жасалынған тәрелкі, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.

**Билингвальді компонент:** тарелка – тәрелкі.

**Сөздік жұмыс:** тәрелке

Тосын сый: қонаққа қуыршақ Айгүл келеді. Ол ойыншықтар мерекесі туралы балаларға айтады. Бірақ мерекеге дайындалғанда, Айгүл тәрелкілерді байқамай сындырып алған. Балалардан көмек сұрайды.

Тәрелкілерді қарастырады.

Сұрақ қою:

– Тәрелкінің пішіні қандай?

Саусақ гимнастикасы:

«Бір үйде біз нешеуіміз?»

Кел санайық, екеуіміз.

Бас бармағым – папам,

Балаң үйрек – апам.

Ортан терек – ағам

Шылдыр шүмек – мен

Титтей бөбек – сен.

Бір үйде біз нешеуіміз?

Бір үйде біз бесеуіміз.

Тәрбиеші балаларға тәрелкелерді безендіруге ұсынады.

Тәсілдерін және кезендерін көрсету.

Өзіндік жұмыс.

Жеке жұмыс жүргізу. Шеберлер көрмесін ұйымдастыру.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Аққалалар»

**Мақсаты:** Баспамен сурет салу таныстыруды жалғастыру. Балаларға мереке алдындағы қуанышты көңіл – күйін көтеру, ұнамды эмоцияларды жасау. Бейнелік ойлау және ой қиялын дамытуды жалғастыру.

**Материалдар**

**мен құрал-жабдықтар:** орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз, әртүрлі көлемі 3 дөңгелек.

**Билингвальді компонент:** аққала – снеговик.

**Сөздік жұмыс:** сұқ саусақ

Балалар, біздерге бүгін қонақтар келген екен! Біздер қалай сабаққа оқымыз және ойнай алатынымызды көрсетейік. Біздерге тағы да бір қонақ келген, оның кім екенін бізге сиқырлы қар бұршігі табуға көмектеседі. Жұмбақты тыңдаңыздар:

Шелек қалпақ басында,

Сәбіз екен танауы.

Қыста қардан туатын,

Тауып көрші, сен оны.

– Ол кім екен? (аққала)

– Аққала еріпкетпеу үшін, мен оның қасына жолға қар бұршігін қоямын. Балалар! Ауада сұқ саусақпен үлкен, кішілеу, одан кішкентай қар кесегін салайық. Балалар үстелдерге отырады.

(бейнетаспа тыңдату)

– Балалар! Тыңдаңызшы аққала біздерге не айтқысы келеді екен?

Мен көңілсіз аққала болдым,

Түрім менің қайғылы болды,

Дос таба алмай жүрдім,

Сондықтан көңілсіз жүрдім.

Бірақ, бір күні қонаққа бардым,

Балалар бақшасына келдім.

– Балалар, аққаланың түрі қандай?(көңілсіз)

– Неге ол көңілсіз болып жүр? (аққалада дос жоқ)

– Балалар, сізге аққала дос болайық десе сіз не айтаредіңіз?

– Балалар, сіз аққалада достары көп болса екен деп қалайсыз ба?

Саусақ гимнастикасы: «Қолымызды жылтайық»

Менің қолым тонып қалды. Қолды қалай жылтуға болады? Қатты ұқалаймыз.

Балалар: қолдарға үріп, бір – біріне ұқалап, қолғап киеміз.

**Жұмыс жолдарын көрсету:**

1. Ең үлкен дөңгелекті аламыз, көгілдір түспен бояймыз, бастырамыз.

2. Орташа дөңгелекті аламыз, кқгілдір түске бояп, үлкен дөңгелектің жоғарғы жағына бастырамыз және кішкентай дөңгелекпен осы әрекетті қайталаймыз.
3. Қылқаламмен көздерін, мұрынын, шілегін және сыпыртқысын саламыз.

Өзіндік жұмыс. Ойын: «Аққала»

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Шырша»

**Мақсаты:** Балаларды «түрту» техникасымен сурет салуға үйрету. Түстерді қабылдау, өз композициясы үшін тиісті түс үлесімін таңдауға дамыту. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, қызығушылықпен қарауға тәрбиелеу.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:** әр балаға А4 ақ бет, акварель немесе гуашь бояуы, орамал, су, суға арналған ыдыс, жаңа жылдық шыршаның суреттері, эскиз, П.И. Чайковскийдің «Жыл мезгілдері» аудио жазбасы.

**Билингвальді компонент:**

ель – шырша.

**Сөздік жұмыс:** тіккен, шырша.

Балалар, айтыңызшы сіздерге қыс мезгілінде бәрінен де не істеуге, қандай ойындар жақсы көресіз? Мен сіздерді қысқы орманға саяхатқа шақырамын, менімен бірге барасыз ба? Олай болса кеттік.

Еліктеу жаттығуы:

Тауға шықсаң – қалың қар,

Сайға түссең – қалың қар,

Шырша үсті – қалың қар,

Жерді бассаң – қалың қар.

Байқаңдар, қар астында,

Ұйықтап жатқан аю бар.

Қараңдаршы балалар, біздер қысқы алаңға келдік. Балалар, қараңдаршы мында суреттер бар екен, суреттерде не бейнеленген?(ағаш, шырша)

– Шыршаның ағаштан қандай айырмашылығы бар?(ағаштың бұталары жоғарыға өседі, ал шыршаның бұталары төмен)

– Ағаштар қайда өседі?(бақта, орманда)

– Орманда қандай ағаштар өседі?

– Ал бұл қандай ағаштар? (иллюстрацияларды көрсету – аққайын, шырша, шетен)

– Бұлар шырша, аққайын, шетен екенін қалай білдіңіз?( аққайында – діңі ақ, қылқандары – шырша, шетен жемісі – шетен)

– Бақта қандай ағаштар өседі? (ағаштарда жемістер өседі) Жеміс ағаштарын атап беріңдерші.

**Саусақ ойыны – массаж:**

Бас – бармақ,

Балаң – үйрек

Ортан – терек

Шылдыр – шүмек

Кішкене – бөбек.

Қуыр, қуыр, қуырмаш

Тауықтарға тары шаш.

Балапанға бидай шаш,

Балаларға тәтті шаш, – деп келіп, жұмылған әр саусақты жеке-жеке ашарда:

Сен жылқыға бар,

Сен сиырға бар

Сен қойыңа бар, – деп әр саусаққа тапсырма беріледі.

– Ал қазір балалар, топқа қайтып жаңа жылдық шыршаның суретін салайық.

**Жұмыс жолдарын көрсету:**

1. Шыршаны «түрту» тәсілімен суретке салу, қылқаламды суға батырамыз, жақсылап сығамыз, жасыл бояуға батырамыз, шыршаны жоғарыдан төменге қарай саламыз, әуелі бір рет түртеміз, төмен 2 түртік, одан төмен 4 түртік, шыршамыз өскенше жалғастырамыз. Қылқаламды жуып, қоңыр түспен қысқа діңін саламыз.
2. Әртүрлі шариктермен безендіру(саусақтармен).
3. – Естеріңізде не қалды?
4. – Көңіл – күйлеріңіз қандай?
5. – Тамаша! Қонақтарымызға да тамаша көңіл – күйлерімізді сыйлайық. Көрме ұйымдастыру.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Алақанның сиқырлы айналуы»

**Мақсаты:** «Алақанмен сурет салу» техникасымен таныстыру. Белгілі бейнеге келтіруге үйрету. Шығармашылық қабілетін және қиялын дамыту.

### **Материалдар мен**

**құрал-жабдықтар:**

Жай қарындаш, фломастерлер, түрлі түсті қарындаштар, ақ парақтар, кілемше, жай әуеннің аудиожазбасы.

**Билингвальді компонент:** радость – қуаныш.

**Сөздік жұмыс:** Сегізаяқ

Шуақ шаша алтын таңда,

Мөлдір таза ауада.

Табиғаттың бәрі оянады.

Қайырлы таң балалар!

Сәлем бердім саған елім!

Тал бесігім туған жерім.

Сәлем бердім бәріңізге!

Сиқырлы қорапша.

Балалар сиқырлы қорапшада сыйлықтар, оны ашу үшін жұмбақ шешу керек:

Бір бұтақта – бес тармақ,

Бірінде бар мүйіз қалпақ. (Бес саусақ)

– Дұрыс, бұл саусақтар. Міне қорапша ашылды. Қорапшада «сиқырлы» қарындаштар, олар тіріліп сурет салу үшін, сұрақтарға жауап беру керек.

– Оң қолда неше саусақ? Ал сол қолда нешеу?

– Біз оларды қалай атаймыз?

– Оларды неге солай атаймыз?

– Жарайсыңдар, балалар білесіз екен. Ал мен көңілді ойын білемін, бірге ойнайық, менімен бірге қайталаңыз:

Жалғыз саусақ тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды,

Жүгіртеді қаламды...

Өнерлі екен он саусақ:

Қала салсақ, жол салсақ!

– Балалар, бізге қол не үшін керек?

– Шеңберге тұрайық, алақанымызды көршінің алақанына тақап ұстайық. Көршінің алақанынан не сезесіз? (жылу)

– Балалар, біздер жылулық бір – бірімізге береміз екен және осы жылулық бізге ғажап жасауға көмектеседі!

– Кілемшелерге отырыңыз, мен сіздерге біздің қолымыз туралы ертегі айтып берейін.

– «Ерте, ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде бір қолдар өмір сүріпті. Олар тәту – тәтті, көңілді, өте жақсы өмір сүріпті, бірақ бір күні олар қамығып қалды, себебі олар бүкіл ойындарды ойнап болды. Сонда олар өздерін суретке саламыз деп шешті.»

**Сурет салу жолдарын көрсету:**

Қарындашпен өз алақанын айналып шығу сосын ит, құс, гүл, сегізаяқ бейнесіне келтіру.

– Келіңіз, қараңыз, алақаныңызды параққа қойып, ойланыңыз, сіздің алақаныңыз өздеріңіздің қалағандарыңызға айналады.

Сурет салу.

Жеке жұмыс.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Ақ қоян отыр»

**Мақсаты:** Оның өзіне тән ерекшеліктерін жеткізіп, бояу дағдыларын қалыптастыру. Балауызды пайдаланып сурет салуды үйрету. Өз бетімен ниет танытуды және шығармашылық қасиетіне тәрбиелеу.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:** әр балаға шырақ және палитра, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, қылқалам, қояндар (раскраска), эскиз.

**Билингвальді компонент:** қоян – заяц, қыс зима .

**Сөздік жұмыс:**қыли,тұмсық

Жұмбақ:

Жылқы тұмсық,

Ешкі құйрық,

Есек құлақ,

Түйе ерінді,

Төрт аяғы тең емес,

Бірі ұзын,

Бірі қысқа,

Қорқақ өзі,

Қыли көзі. (Қоян)

Қоянның суретін қарастыру:

– Қоян қайда отыр?

– Оның жүнінің түсі қандай?

– Суретте жылдың қай мезгілі береленген?

– Қалай білдіңіз?

– Қыста қояндар қандай қиындық көреді?

– Оған құтқарылуға не көмектеседі?

Оң қолында бес саусақ

Сол қолында бес саусақ

Беске-беске қосқанда

Болып қалды оң саусақ

Оң аяқта бес башпай

Сол аяқта бес башпай

Беске-беске қосқанда

Болады екен оң башпай.

**Сурет салу жолдарын көрсету:**

1. Ақ түсті бір тамшы көк бояумен араластыру.

2. Қоянның суретін бояу, жобадан шықпауға тырысу.

3. Балауызбен толқын салу.

4. Ашық ккгілдір түспен бояу, кесек қарлар болып шықты.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Бұтақтағы шымшық»

**Мақсаты:** Мақта оранған таяқшалармен сурет салуды үйрету. Құсқа тәң ерекшеліктерін жеткізуді қалыптастыру, дөңгелек нысанды суретке салуды үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:** А5 ақ бет, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, мақта оранған таяқшалар, қоңір жолақшалар – бұтақтар, желім, эскиз.

**Билингвальді компонент:** құқ – птица.

**Сөздік жұмыс:** Шымшық

Тосын сый:

Қонаққа дос іздеп жүрген құс ұшып келеді. Балалардан көмек сұрайды. Құсты демонстрациялау. Бұл қандай құс? Кеудесінің түсі қандай? Достарды – шымшықтарды суретке салуға ұсынады.

**Динамикалық үзіліс:** «Шымшықтар мен автомобиль».

**Ойынның шарты:** Балалар бөлменің немесе алаңның бір жағында тұрған орындықтарға отырады. Бұлар – ұядағы шымшықтар. Алаңның қарама – қарсы жағында педагог автомобильді бейнелеп тұрады. Тәрбиеші: «Жол жүреміз, ұштық, шымшықтар!» деген кезде балалар алаңның бойымен жүреді, қолдарын құстың қанат қаққаны сияқты екі жағына бұлғайды. Тәрбиеші біраз уақыт өткеннен кейін: «Байқаңдар, автомобиль келе жатыр, ұшыңдар, шымшықтар, өз ұяларына!» – дейді. «Автомобиль» гараждан шығып, торғайлар жаққа бара жатады. Шымшықтар ұяларына барып қонады. «Автомобиль» гаражға қайтадан қайтып келеді. **Сурет салу тәсілдерін көрсету. Түсіндіру, естеріне салады:**

1. Палитрада ақ пен қара бояйды араластыру, сұр түсті алу үшін.
2. Сұр бояуға таяқшаны батырып сопақша салу.
3. Жанында сопақша қанатын салу.
4. Төменде сопақша құйрық, құйрықта және қанатына тігнен екі сызық салу.
5. Керекті түске құсты бояу.
6. Қоңір жолақшаны – бұтағын жапсыру.

Сөздік және жеке жұмыс жүргізу.

Көрме ұйымдастыру.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Қар жауып тұр»

**Мақсаты:** Мақта оранған таяқшалармен сурет салуды үйретуді жалғастыру. Түсіп жатқан қарды байқауды үйрету, мақта оранған таяқшамен елестету, шығармашылық қиялды дамыту, бейне қабылдауды дамыту. Сұлулыққа сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:** әр балаға көк түсті картон, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, эскиз.

**Билингвальді компонент:** қар – снег.

**Сөздік жұмыс:** Ұлпа

Балаларды терезеге қарауға шақырады.

Әуеде ақ мамық

Қалбалақтап ұшады,

Қанаты талып,

Жерді барып құшады. (Қар)

**Қ.о «Қарлар»**

Қар түсіп айналады,

Көше аппақ болады!

Шеңбер болып тұрамыз

Қар сияқты айналамыз! (ойынды 3 – 4 рет қайталаймыз).

**Саусақ гимнастикасы**

**Сурет салу әдіс – тәсілдерін көрсету:**

1. Көк түсті картон парағын алдымызға қоямыз.

2. Мақта оранған таяқшаны ақ бояуға батыру.

– Бұрын ойлады, қар – ол қатып қалған су шамшысы, бірақ қар бүршігінің құпиясына жауап таба алмады. Су тамшылары ешқашан қар бүршігіне

айналмайды олар бұршақ, мұз болады. Жер үстінде, бикте өте салқын, су буларынан кішкентай кристаликтер болып шығады. Кристаликтер әлі қар бүршігі емес. Кристаликтер әрдайым өседі және әдемі жұлдызша болып шығады. Олар жиналып, жерге аспаннан түседі.

3. Үш қиылысатын тіке сызық саламыз.

Көп қар бүршіктерін саламыз, қар жауып тұрған сияқты. Көрме ұйымдастыру.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Қар бүршігі»

**Мақсаты:** Суретте қыс бейнесін жеткізуді қалыптастыру. «Үрлеу» техникасымен сурет салуды үйрету. Қысқы табиғаттың әдемілігін көруге тәрбиелеу.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:** әр балаға А5 ақ бет, шырынның тығыны, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, қылқалам, эскиз.

**Билингвальді компонент:** қар бүршігі – снежинка.

**Сөздік жұмыс:**Бүршік

Қыс мезгілі туралы жұмбақ жасыру:

Суда мұз бар,

Жерде қар бар.

Боран борап соғады,

Бұл қай мезгіл болады?(Қыс)

Аяз қысып,

Өрнек сызып,

Терезені торлайды.

Қарға омбығып,

Бет домбығып,

Сырғанап балалар ойнайды. (Қыс)

Қ.ойын: «Қар бүршіктері»

Аппақ дала келбеті

Керемет қой, қарашы.

Ақ мамықпен зерлепті

Ауладағы ағашты.

Қалқып жүрген ауада

Әдемі ғой аппақ қар.

Жауып жатыр далама

Ақ ұлпадай ақша қар.

Қарлы аяз-суретші

Нағыз шебер ол мықты.

Терезесін әр үйдің

Безендіріп қойыпты!

Балаларға қызықты тәсілмен: «үрлеу», қар бүршігін суретке салуға ұсынады.

1. Палитрада ақ бояуды бір – екі тамшы көк бояумен араластыру.

2. Дайын бояуды тығынға ауамен алу.

3. Ақ қартонға үріп шығару.

Кептіру. Аспаннан қыста түседі

Жер бетінде айналады.

Жеп – жеңіл мамықтай

Аппақ **ақ қарлар**.

Топқа қар әкелу, бақылауға ұсынады.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Көгершіндер»

**Мақсаты:** Алақанның ізін параққа қалдыру арқылы дәстүрлі емес әдіспен сурет салуды үйрету. Соңына дейін салынбаған бөлшектерді аяқтауға тәрбиелеу.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:** әр балаға А4 ақ бет, орамал, бояу, су, суға арналған ыдыс, палитра, қылқалам, эскиз, сюжеттік .

**Билингвальді компонент:** көгершін – голубь.

**Сөздік жұмыс:** көгершін, қолқанат

Тосын сый: топқа поштасы көгершін ұшып келіп, хат әкеліп береді.

Тәрбиеші хатты оқып береді:

– Балалар, бұл хатты бізге басқа қаладағы балабақшаның балалары жіберіпті, бұрынғы заманда хаттарды көгершіндер тасып жүрді, соны еске салып бізге де көгершінді жіберген екен.

**Пошташы көгершіндер туралы әңгімелеу:**

Көгершіндер бейнеленген иллюстрацияларын қарастыру.

Сұрақ қою:

– Көгершін – үй немесе дала құсы ма?

– Көгершінге ұшып жүруге не көмектеседі?

Көгершінге сипаттама беру.

Пошта тасуға көмектін көгершіннің суретін салуға ұсынады.

**Саусақ гимнастикасы:**

«Қуырмаш»

Балаларға бидай шаш.

Балан үйрек,

Шылдыр шүмек,

Сен тұр – қойыңа бар!

Сен тұр – ешкіңе бар!

Сен тұр – түйеңе бар!

Қазан түбін жалап, үйде жат.

Мына жерде май бар.

бар, Қытық, қытық! **Жұмысқа кірісу:**

1. Алақанды көк немесе күлгін түске бояу, саусақтарды түрлі түске бояу.

2. Ақ бетте саусақтарды ашып, алақанды басып із қалдыру.

Тұмсығын, көзін, аяғын салу. Жеке жұмыс жүргізу.

Балалардың іс – әрекетіне сарапаттама жасау.

Шеберлер көрмесін ұйымдастыру.

Қуыр-қуыр қуырмаш,

Бас бармақ,

Ортан терек,

Кішкене бөбек.

Сен тұр – жылқыңа бар!

Сен тұр – сиырыңа бар!

Ал сен алаңдамай,

Мына жерде құрт бар,

Мына жерде қатық

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Шетен»

**Мақсаты:** Дәстүрлі емес сурет салу техникасы: түрлі көркем техникаларды үйлестіре отырып (саусақпен сурет салу, құстар бейнесін жапсыру) арқылы құстар мен өсімдіктерге эстетикалық – адамгершілік қарым – қатынасқа тәрбиелеу. Балаларды уайымдауға, көмек көрсетуге, ниет білдіруге, ықылас білдіруге тәрбиелеу. Сурет салу және жапсыру дағдыларын (ұқыпты жұмыс жасау, қылқаламды дұрыс ұстау, жапсыруға арналған клеенкаларда жұмыс жасау) бекітуге жалғастыру.

### **Материалдар мен**

**құрал-жабдықтар:** әр балаға шетен ағаштың бұтағының бейнесі салынған А5 парақ, қызыл гуашь, орамал, клеенкалар, қылқалам, су, суға арналған ыдыс, қыилған құстардың бейнесі, фланелеграфқа арналған шетен ағашының суреттері.

**Билингвальді компонент:** птицы – құстар, шетен – рябина.

**Сөздік жұмыс:** Шетен

- Балалар, қараңдаршы біздерге қонаққа не келді? (шетен бейнеленген картинасы)
- Міне біздің қонақ! Көрінші (матасын шешеді). Ой, бұл не балалар?
- Ал сіз қайдан білдіңіз? Ағашта не бар?
- Әдемі ағаш – біздің Шетеніміз. Шетен тұралы ертегі айтып берейін, тыңдайсыз ба?

Ертегіні оқып беру:

Ерте, ерте, ертеде

Ешкі жүні бөртеде бір шетен өмір сүріпті. Көктемде жаңа жапырақтарға киініп, әдемі ақ гүлдерге киінді. Гүлдері гүлдеп болған соң жидектері шықты. Жаз бойы шетен күннің шуағына жылынып, су ішті, жидектері пісіп, үлкейіп қызарды. Ақырында жидектері пісті. Шетен құстарды шақырды: «Құстар, келіңдер менің жидектерім пісті», бірақ құстар «Әлі ерте. Уақыты келген жоқ». Күз келді. шетеннің жапырақтары сарғайып, қызарып ақырында түсіп қалды. Шетен ренжіп қалды – ешкім оның жидектерін жегісі келмейді. Тағы да шетен құстарды шақырды, олар әлі ерте деп келген жоқ. Қыс келді. Жердің бетін қар жамап, шыбындар, құмырсқалар барлық жәндіктер тығылды, тұқымдардың бәрі қар астында қалды. Сол кезде құстар да келіп, шетеннің жемістерін шоқып жеп бастады. «Кез келді! Бізге басқа жейтін дым жоқ. Рахмет саған шетен, жидектеріңді біз үшін сақтағаныңа (құстарды бұтақтарға отырғызады)».

– Құстар жидектер үшін шетенге рахметін айтты, бірақ ол неге сонша көңілсіз? Өзінен сұрайықшы және жауабын тыңдайық.

Шетен: – Менің жидектерім барлық құстарға жетпейді, не істесем екен? Құстарды аштықтан қалай құтқарам?

- Уайымдама, шетен біз саған көмектесе аламыз. Дұрыс па, балалар?
- Біз қазір көп жидектерді бейнелеп береміз.

**Сурет салу жолдарын көрсету, түсіндіру:**

– Балалар, сіздің алдыңызда шетеннің бұтағы бейнеленген парақтар жатыр. Бірақ мұқият қараңызшы, үстел бетінде қылқалам жоқ, немен сурет саламыз? Дұрыс суретті саусақпен саламыз.

1. Қызыл бояуға саусағымызды батырамыз, шетеннің бұтағына саусақты басып із қалдырамыз.

2. Сурет салып болған соң, саусақтарымызды сүртеміз.

Құстың қиылған суретін шетен бұтағына жапсыру. – Жұмыстарыңызға қараңызшы, олар шетенге ұнайды ма, қалай ойлайсыз?

Балаларды мадақтау, сау болыңыз.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Қыс» тұзбен сурет салу

**Мақсаты:** Баларды тұзбен қыс пейзажін суретке салуға уйрету.

Танымдық белсенділікті және эстетикалық қабілетті арттыру.

Бейнелеу өнеріне ерекше тәсілмен қызығушылыққа тәрбиелеу.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:** түрлі – түсті картон парақтары, желім, қылқалам, орамалдар, тұз, ойыншық қасықтар, су құйылған мөлдір саптыаяқ, сиқырлы сандық, трафареттер, Лунтик қуыршағы.

**Билингвальді компонент:** тұз – соль.

**Сөздік жұмыс:**пейзаж

Қонаққа Лунтик келеді, ешқашан қыс мезгілін көрмегені туралы айтады. Қыс туралы әңгімелеп беруге сұрайды.

Тақпақ оқып беру:

Жауа-жауа, қар жауып көп,

Шұқырларға толады.

Иығыңа қонады кеп,

Мойныңа да қонады.

Жауып бітер қарды тосып,

Үйіңе де сыймайсың,

Табиғаттың ақ көрпесін

Басуға да қимайсың.

– Балалар, сіз қыс мезгілін жақсы көресіз бе?

– Ал не үшін жақсы көресіз?

– Қыс табиғатының сұлулығына айырықша мән не береді екен – ойланып айтыңызшы.

**Релаксация. Жай әуен қосылады.**

– Балалар, ойланайық ал содан кейін далада қар жауып болғандай, бүкіл жерді ақ мамықтай «көрпемен» жауып тұрғанын елестеп көрейік.

Қар ағаштар бұталарына, үйлердің төбелеріне жауып жатады, олар аппақ киімге киінеді. Егер қар ұзақ уақыт жауса, айналамыздың бәрі аппақ, жұмсақ, үлпілдек болады.

**Балаларға Қыс патшайымынан хат келеді:**

– Құрметті балалар, мен сіздерге сиқырлы қар жіберіп отырмын. Бұл қар еримиді, сізді және достарыңызды ұзақ уақыт қуантып тұрады. (сандықты ашып, тұз салынған қапшықтарды алады).

«Ғажайып қапшықтарды) балаларға қарастыруға беру.

– Қызық, Қыс патшайымы бізге сыйлыққа не жіберген екен?

**Жұмбақ шешу:**

Өзі ащы,

Бірақ,

Дәмді етер асты. (Тұз)

Ақ қиыршық еритін,

Ас жоқ одан жеритін. (Тұз)

Көлікпен түздің,

Ащы тас сүздім. (Тұз)

– Қәне ашып көрейікші, қапшықтарда не бар екен? Бұл тұз. Тұз туралы әңгімелеу.

**Сергіту сәті:**

Шаршадым «уһ» дедім

Ренжідім «туһ» дедім

Өкіндім «эһ» дедім

Кейідім «И» дедім

Біліп ап «Ә» дедім

Қуанып «ха,ха,ха» дедім.

**Сурет салу жолдарын көрсету:**

1. Трафарет арқылы ағаштар силуэтін(қара көлеңке) саламыз.

2. Қылқаламды желімге батырып, ағаштың ішікі жағын бояймыз.

3. Сосын жағылған жерлерді тұзбен себеміз. Кесек қарларды, қар бүршіктерді саламыз.

4. Суретіміз кеуіп болған соң, артытұзды қағып алу.

Жұмыс жүргізу. – Сізге осындай тәсіл ұнады ма?

– Бүгін біздер немен сурет салдық?

Лунтик балаларға рахметін айтып, қоштасады.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Аяз өрнектері»

**Мақсаты:** Балалардың аязды өрнектерді суретке салу іскерліктерін дамыту. Гуашь + балауыз техникасын меңгеруге көмектесу.

Бақылаушылыққа, көргенін шығармашылықта көрсетуге дамыту.

Қиялын, бейнелі ойлау, түстерді қабылдау, балалардың

шығармашылық қабілеттерін дамыту. Туған табиғаттың сұлулығына сүйіспеншілікпен қарауға, жұмысты орындау кезінде ұқыптылық пен жігерлікке тәрбиелеу.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:** балалардың дайын жұмыстарына арналған ватманнан жасалынған үй (терезе), жұмбақтары бар конверт, аяз өрнектері бейнеленген иллюстрациялар, П.И.Чайковскийдің «Қантар» «Ақпан» аудио таспасы, терезеге ұқсаған ақ парақтар, балауыздар, гуашь, қылқаламдар, суға арналған ыдыс.

**Билингвальді компонент:** мороз – аяз, Дед мороз Аяз ата .

**Сөздік жұмыс :**Өрнек, аяз

– Балалар, біздерге бүгін Аяз Атадан хат келді. Бірақ оны ашу үшін жұмбақтарды шешу керек.

– Хатта не жазылғаны білгіңіз келе ме?

– Бірге жұмбақтарды шешіп көрейік.

Қолы жоқ, сурет салады,

Тісі жоқ, тістеп алады. (Аяз)

Қанаты жоқ, ұшады,

Аяғы жоқ, жетеді.

Аузы жоқ, ұлиды. (Боран)

Қыста ғана болады,

Ұстасан қолын тоңады. (Қар)

Ақ көбелек қонды,

Құстар енді тонды. (Қар)

– Жарайсыңдар, балалар сіз өте байқағыштарсыз, сондықтан жұмбақтардың бәрін шешімін таптыңыз. Айтыңызшы, бұл қай мезгілде болады? – Дұрыс. Қараңыздар хат өзі ашылды. Енді мен Аяз Ата не жазғанын оқып аламын. Аяз Ата жазыпты: – Мен ұйым алыстағы Лапландияда, мен қыс мезгілін оның қалын қарымен, аязымен, қысқы ойындырымен, қызықтарымен өте жақсы көремін. Балалар, ал сендер қыс мезгілін жақсы көресіз бе? – Неге? Қыста не істеуге болады?

– Жарайсыңдар! Қыста әртүрлі ойындар ойнауға жақсы көретініңіз көрініп тұр екен.

Аяз Ата бәрі қысты жақсы көрсін деп жұмыс істеп жүр ол ағаштар тоңбасын деп қарлы қалпақтарға киіндіреді, әдемі өрнектермен терезелерді безендіреді. Қыс өрнектерінің суреттерін бізге жіберген, қараңдаршы қандай әдемі шөп – бұлалар, аппақ қар бүршіктерін бенелеп салған. Бірақ, Аяз Ата барлық терезелерге өрнек салуға

үлгеремеймін деп сіздерден көмек сұрап тұр. Балалар, көмектесеміз бе?

**Сергіту сәті:**

Біз қар бүршікрер, көңілдіміз,

Ауада айналамыз.

Жел шықса – ұшамыз,

Ұшамыз, ұшамыз,

Ұшамыз, тып – тыныш отырамыз.

**Практикалық бөлімі:**

– Ал, демалып болдық енді терезелерімізді бояуға кіресейк. Бұл өле оңай.

Балаларға балауызбен қалай сурет салу керек екенін көрсету, түсіндіру:

– Біздер салған суретіміз әзір көрінбейді, себебі балауыздың түсі ақ сол себеппен ақ қағазда көрінбейді, бірақ біздер Аяз Атаның көмекшілері болғын біздер де сиқыр жасай аламыз. Сиқырлы таяқшамамызды (қылқалам) аламыз, көк бояуға батырамыз да балауызбен салған суреттің бетін толық бояймыз. Балалар, қараңдаршы не болып жатыр?

– Дұрыс балауыздан бояу домалап түсіп жатыр, өрнектеріміз көрініп жатыр.

Жұмыс жасау.

Жеке жұмыс жүргізу. Балалардың жұмыстарынан көрме

ұйымдастыру.

Әйнектерін терезелерге орналастыру.

Балаларды мадақтау, сау болыңыз.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Аққу»

**Мақсаты:** Бейнені алақан арқылы салу мүмкіндігін көрсету. "Принт" (бастырма) техникамен таныстыруды жалғастыру. Қабылдау қабілетін дамыту. Табиғатқа деген қызығушылығын көрсетуге, өз ұсыныстары мен әсерлерін бейнелеу өнері сабағында көрсетуге тәрбиелеу.

**Материалдар мен құрал-жабдықтар:** аққу бейнеленген сурет, көк түсті парақтар, қаймақ консистенциясына сумен араластырылған гуашь розеткалары, орамалдар, қылқаламдар.

**Билингвальді компонент:** лебедь – аққу.

**Сөздік жұмыс:**Принт

Балалар, қараңдаршы біздерге жүзіп келген кім екен? Бұл әдемі, аппақ аққу екен. Балалар, назар аударып қараңыз бұл қандай әдемі құс, қандай үлкен аппақ қанаттары, тамаша, айбынды құс екен.

– Қараңыздар, қандай парақтар менде бар және олардың түсі қандай?

– Осындай түспен не болу мүмкін?

– Мен сіздерге суда жүзіп жүрген аққулардың суретін салуға ұсынамын, бірақ біз суретті қылқаламсыз, алақанмен саламыз. Енді мен не істейтініме қараңыз:

(тәрбиеші алақанды бояуға батырып, парақта із қалдырады).

– Бұл аққу, бұл мойыны, бұл қанаттары, қандай әдемі құс болып шықты. Ал енді әр қайсыңыз өз аққу құсын салыңыз. Балаларды алақанның ізімен сурет салу эксперименттік тәжірибиеге қатыстыру, балаларға алақандарын бояуға батыруға және қағазда дақты дұрыс түсуіне көмектесу.

– Балалар, біздерде әдемі аққулар шығу үшін, біз оларға тұсықтарын салып берейік, қай түсті аламыз?

– Ал, көздерін, қай түспен?

Өз бетімен сурет салу. Сүйсініп қараңдаршы, қандай әдемі аққулар болып шықты. Сіздерге бүгінгі сабағымыз ұнады ма? Сендерге бәрінен не ұнады? Қандай құстарды суретке салдық? Көрме ұйымдастыру.

**Ойын:** «Аққу – қаздар»